Мәшһүр Жүсіп атындағы
жалпы орта білім беру мектебінің
3 «Б» сынып оқушысы

«Дарынды шәкірт – білікті ұстаздан»

«Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін – білім» деп Мұхтар Әуезов атап көрсеткеніндей, егемен елдің келешегі кемел білім мен ұлағатты тәрбиеге байланысты.

Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, тәлім-тәрбие, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Тәуелсіз ел атанып, тіліміздің мәртебесі артып, әлемге атымызды танытып жатқан кезеңде ұлттың, елдің болашағы – жас ұрпақ тәрбиесіне де мықты көңіл бөлінуі қажет. Осы егеменді, тәуелсіз Қазақстанда өркениетке апарар жолдың бастауы – мектеп десек, мектептің басты тұлғасы – мұғалім.

Адамның адам болып қалыптасуына ата-аналармен қатар, мұғалімнің де рөлі зор. Осы ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы "Ұстаздық - ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да солдай ардақтауға міндеттіміз" деген. Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам – мұғалім.

"Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға" дегендей, ел ертеңі болып табылатын ұландардың бойына білім мен өнерді, адамгершілік пен адалдықты, туралық пен шыншылдықты, рухани байлық пен ұлттық қасиеттерді сіңіріп, оларды тұлғалы азамат етіп қалыптастыруда ұстаздың орны бөлек.

Павлодар қаласының Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы орта білім беру мектебінің табалдырығын аттап, 2021 жылы 1 сыныпқа оқуға келгенде алдымнан күлімдеп қарсы алған ұстаздық жолда тапжылмай еңбек етіп келе жатқан, ұлағатты ұстаз бастауыш сынып мұғалімі – Арыстанбекова Жанар Қымбатовна еді.

Жанар Қымбатовна - ұлағатты ұстаз ғана емес, қос перзент тәрбиелеп отырған - аяулы ана. Қазіргі уақытта мектебіміздің арасында сыйлы, шығармашыл, білікті, ұлы ұстаз.

Жан дүниесіне үніле қарасаңыз өте байсалды, білімді, терең ойлы, тұла бойы тұнып тұрған талант иесі. Бір жымиғанының өзі адамды шабыттандырып, керемет бір күйге бөлейді.

«Адамның адамшылығы - жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқандай, ұстаз тәрбиесі мен өнегесі шәкірттің болашақ азығы. Жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытынан таймасы анық.

Байжнова Айман Кадырканкызы
КГУ ШГ №118 г. Алматы
учитель немецкого языка

Я – педагог
Эссе

Я очень долго думала перед тем как написать мое эссе под этим названием. Почему именно эту тему выбрала я? Именно потому что это профессия была выбрано мною уже самого детства. Конечно и не хочу скрывать, что в этом выборе сыграли роли первую очередь мои родители, которые всегда говорили, что самое хорошая профессия – это профессия учителя. Так как они еще были люди советского союза и всегда говорили, что надо уважать своих учителей, что всегда надо выполнять ихние требования.

Мечта каждого учителя – видеть своего ученика успешным, счастливым, достигшим высот в своём любимом деле. С выбором профессии у меня не возникло трудностей, потому что рядом со мной всегда были учителя – умные, добрые, внимательные, преданные своему делу, например, как Мария Жаукееновна – мой классный руководитель, Ажар Жумадиловна, Салиха Салиевна и другие. Я помню своих учителей. Мне хочется обнять каждого, ведь благодаря им я ни разу не усомнилась, что моя профессия – это правильный выбор.

К сожалению не все родители понимают, что каждый педагог на каждом своем уроке, вложит всю усилию, чтобы усвоил каждый ученик из тридцати сидящие на уроке, используя всякие новые методы, технологий, забывая при этом о своей семье и детях. Было бы хорошо если все родители поняли бы, что именно учителя играют главную роль в получении образовании и воспитании и направление в будущем в их жизни.

Я думаю, что учитель должен быть чутким, справедливым, грамотным, с большим открытым сердцем. Учитель – олицетворение мудрости и уважения, пример для подражания.

Учитель – помощник и друг для школьников. Моя задача наладить правильные взаимоотношения с детьми. Не выделять сильных и слабых, а быть с ними равной, при этом уметь найти индивидуальный подход к каждому ученику. Я стараюсь быть примером для детей всегда, стараюсь всегда замечать и поддерживать, быть в их стороне детей из не благополучной семьи, которые на каждом уроке выслушивают оскорбление, унижение на свой адрес со стороны своих одноклассников. Педагог непрерывно влияет на всех учащихся сразу и на каждого из них в отдельности: словом, жестом, действием, молчанием. Воспитывает каждая мелочь, каждое движение души педагога. Очень точно подметил эту особенность А.С. Макаренко: «Не думайте», - говорит он, - что вы воспитываете ребенка только тогда, когда с ним разговариваете, или поучаете его, или приказываете ему. Вы воспитываете его в каждый момент вашей жизни.»

Каким должен быть современный учитель? На мой взгляд, современный учитель — это тот учитель, который может реализовывать себя в выбранной профессии в современном обществе с современными детьми. А также учитель должен ориентироваться в тех сферах, которые могут интересовать его учеников в повседневной жизни. Учитель должен иметь представление о фильмах, журналах, телевизионных передачах, играх, которые интересны детям, для того, чтобы вовремя скорректировать интересы, где-то оградить, где-то направить. То есть развивать критичное отношение ребенка к получаемой информации.



Жомартова Динара Жаксыбековна
Түркістан облысы Бәйдібек ауданы
Жиенкұм жалпы орта білім беретін мектебі
ағылшын тілі пәні мұғалімі

Ағылшын тілі сабағында ақпараттық технологияны қолдану

Ақпараттандыру жағдайында білім беру саласында компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, электрондық құралдарды пайдалану арқылы білім сапасын көтеру маңызды мәселе. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту көзделді. Оқу үрдісінің тиімділігіне қол жеткізу үшін, білім алушылардың танымдық қызығушылығын дамыту тұрғысынан әртүрлі құралдарды қолдануға болады. Осы педагогикалық жағдаяттарды орындау құралдарының бірі- ақпараттық- коммуникациялық технологияны қолдану. Ағылшын тілі- халықаралық тіл, қазақты дүниеге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл. Сондықтан да орта мектептердегі ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің мақсаты - оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту, қарым- қатынас біліктілігін қалыптастыру, ағылшын тілін меңгертіп, еркін сөйлеуіне жағдай тудыру. Оқушылардың мәселелерді талқылау түріндегі пікірталас әдістерін, елтану материалдарын, иллюстрацияларды, фотосуреттерді кеңінен қолдану ақпараттық- коммуникациялық технологияны қолдану арқылы орындаған жөн. Электрондық оқулықтармен жұмыс негізгі үш деңгейде атқарылады:

- Оқу;
- Оқыту;
- Бақылау және тексеру.

Электрондық оқулықтар білім алушылардың өз бетінше жұмысын және олардың жоғары танымдық белсенділігін арттырады, олардың терең де тиянақты білім алу сапаларын көтереді. Сонымен қатар оқу үрдісінің алға қойған мақсатынан бастап, қол жеткен нәтижесіне дейінгі аралықты қамтиды. Интернет арқылы ғаламдық желінің ақпараттық ресурстарын қолдана отырып, оларды оқу үрдісіне енгізіп, мәселелердің келесі жолын тиімді шешуге болады. Ағылшын тілін оқытуда интернет беретін мүмкіндіктер:

- алыстағы ақпарат көздерін пайдалану;
- түрлі жүйелерге ену арқылы өз бетімен іздену;
- сұраныс бойынша ақпарат алу
- интернет тараптарында берілген тапсырмалар мен жаттығуларды орындау;
- ақпаратты кез-келген арақашықта тез арада жеткізу;
- өзі оқып отырған тілде электронды пошта арқылы хат алмасу;
- ақпараттың қажетті түпнұсқасына қосылу;
- Интернеттен алынған материалдарды талдау негізінде ауызша сөз іскерліктерін жетілдіру;

- жазбаша серіктеріне хат жазу, жауап жазу, баяндама, реферат, тағы басқа жазба жұмыстарын дайындау арқылы жазбаша тіл білігін арттыру;
- өзі оқып отырған тіл елінің тарихы мен мәдениеті, салт-дәстүрлері, экономикалық даму ерекшеліктерін қамтитын танымдық білімдерін кеңейту;
- Дайын мультимедиялық және компьютерлік оқу жүйелерін пайдалану.

Бұл бағыт шет тілін оқыту саласында кең тараған. Ағылшын тілін үйренуге арналған компьютерлік бағдарламалар оқытылатын фонетикалық, лексикалық, грамматикалық материалдарды бекітуге арналған жаттығулары бар дайын мультимедиялық оқыту курстарын пайдалануға негізделген. Компьютерлік оқыту бағдарламасы лексикалық, грамматикалық дағдыларды қалыптастыруға және айтылымға да бағытталған, олардың қолданылуы коммуникативті құзіреттілігін арттыруға, сөздік қорын молайтуға, сондай-ақ ағылшын тілін есту арқылы жақсы түсінуге, қызығушылығын арттыруға және білім алушылардың ағылшын тілін үйренуге мотивациясын арттыруға арналған. Ойын әдістері, жауапты толықтыру, викторина, эссе жазу, дауыс беру, жіберілген деректерді енгізу. Оқушылардың жауаптарын мұғалім қадағалайды және олардың ең үздіктерін атап өтуге болады. Білім алушыларға үлкен ақпараттық білім кеңістігіне жол көрсетеді.



Бегимбетова Айша
Шымкент қаласы
BOSTON мектебінің 3 «А» сынып
оқушысы
Аженова Меруерт Аманқожақызы
сынып жетекшісі



«Біліміден шыққан сөз»

*«Ұстазы мықтының – ұстанымы мықты»
«Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында,
ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында»
Н.Назарбаев.*

Ұлтымыздың жарық жұлдызындай ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсынов «Білімділікке жеткізер баспалдақ, ол біліктілік, сол білімді іске асыра білу дағдысы» деп айрықша көрсеткен. Жаңа ғасыр мұғалімі шәкірт алдында терең білім, жан-жақты білікті тұлғасымен дараланып қадірленуі тиіс.

Мектеп табалдырығын аттаған жас бала ертеңгі ел тұтқасы десек, оларды парасатты, саналы азамат етіп тәрбиелеу — әрбір ұстаздың борышы. Бүгінгі мұғалім кіші мектеп оқушыларына тек білім беріп қана қоймай, оларға халықтық педагогиканың нәрлі қайнарымен сусындату, әрбір оқушы бойына ұлттық мінез-күлық, адамгершілік, сыпайылық пен кішіпейілдік қасиеттерін қалыптастыруға, баланың жан дүниесін рухани қазыналармен байытуға, қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін меңгертуге тиіс.

Менің ұстазым – ешкімге ұқсамайтын еңбекқор, білімді мейірімді жан. Бізді жадыраған жаздай жылы жүзімен қарсы алып, партаға отырғызып, қолымызға қалам беріп, әріп үйретіп, кітаптың алғашқы бетін ашқан сәттен-ақ өмірдің ақ пен қарасын, жақсы мен жаманын, оңы мен солын, әрқашан жақсы өмір сүріп, жақсы адам болып қалу жолын үйретуге білек жеңін түріп кірісіп кеткен де осы ұстаз еді.

«Алтындай асыл Меруерт апай,сіздің үйреткен әрбір сабағыңыздан алған білім мен ақылға қонымды айтқан ұшқыр ойларыңыз бізді биік мақсатты бағындыруымызға көп үлес қосты». Бала жүрегімнен орын тауып,оған тәлім тәрбие беруде шеберлігімді ұштауда қалай қанат қағып самғасам, бәрі сіздің арқаңыз!







Жунусова Асем Ержановна

Алматы қаласы

№143 Сүйінбай атындағы мектеп - лицей

биология пәні мұғалімі

педагог - эксперт

**ДНҚ молекулалық құрылысының принциптері:
нуклеотидтердің комплементарлығы**
Қысқа мерзімді жоспар

Бөлім:	9.3В. Молекулалық биология және биохимия
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары: 9.4.1.2 - ДНҚ молекуласының қос шиыршықты құрылымын сипаттау	
Сабақтың мақсаты: (SMART форматында)	<i>Барлығы:</i> - ДНҚ молекуласының құрам бөліктерін анықтайды; - Нуклеотидтердің комплементарлық принципін, олардың байланыс типін түсіндіреді; - Қос шиыршықты құрылымды сипаттайды; ЕББҚО: ДНҚ молекуласының химиялық құрамын анықтайды. ДНҚ молекуласының құрылымын түсінеді.
Ойлау дағдыларының деңгейлері	Түсіну, қолдану, талдау

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы: (5-7 мин)	Ұйымдастыру кезеңі Оқушылармен амандасу, түгендеу. Жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру. «Жүректен жүрекке» әдісі. Интернет желісіндегі «THE NAT» бағдарламасы арқылы 3 топқа бөлемін Тапсырма №1 (Жеке жұмыс) (Жұптық жұмыс) «Ассосация әдісі» Оқушылар бүгінгі өтілетін тақырып бойынша, ДНҚ туралы білімдерін еске түсіре отырып, сызбаны толтырады. Жаңа тақырыпты ашуға ой шақырады. Бағалау критерийі:	Оқушылар шеңбер бойымен тұрып жүректі алақандарына салып, бір-біріне тілек айтады, бір-біріне жағымды көңіл-күй сыйлайды. Интербелсенді тақтадан оқушылар өз аттарын көріп, өз топтарына барып отырады. Әр оқушы ДНҚ туралы осы уақытқа дейінгі білімдерін еске түсіре отырып, дәптерге сызбаны	Сабақ барысында «Аспандағы жұлдыздар» әдісі арқылы, жауап беріп, сабаққа белсене қатысып, тапсырма талдап отырған оқушыға	Интербелсенді тақта интернет желісі   Алдын ала Оқушылардың аты-жөні жазылған «the hat» бағдарламасы «Жұлдызшал

	<p>ДНҚ молекуласының қызметі, негізгі ерекшелігі туралы мәліметті еске түсіреді.</p>	<p>толтырады. Жазғандарын жұптарымен бөлісіп, ақпараттарын толықтырады, топтарымен талқылайды.</p> <p>Дескриптор: Меңгерген білімдерін көрсетеді. Өткен білімді еске түсіреді.</p>	<p>жұлдызша таратып, бағалап отырамын. Сабақ соңында, жұлдызша санына қарай, формати вті бағалап, тиісті балл қоямын. Әр тапсырма сайын, бағалап кері байланыс беріп отырамын.</p>	<p>ар»</p>  <p>Қосымша № 1</p> 
<p>Сабақтың ортасы: 8 мин</p>	<p>Ой шақырып алған соң, оқу мақсатымен таныстырамын. Тақырыпты ары қарай ашып, түсіну үшін бейнероликті көрсетемін.</p> <p>Видео көріп болған соң, жаңа тақырып, «Еркін талқылау» әдісі арқылы оқушыларды диалогқа тарта отырып, тапсырма орындау барысында ашылып, оқу мақсатына жетеді.</p>	<p>Оқушылар бейнероликті көреді. Оқушылар бейнеролик көріп, «Еркін талқылау» әдісін қолданып, оқушылар сұрақтарға жауап беріп, тақырыпты түсінеді. (Ұжымдық жұмыс) Сөйлеу, ойлау, қарым-қатынас дағдылары дамиды.</p>		<p>Бейнеролик</p> <p>https://youtu.be/xMConzuUrmU</p> <p>Оқулық 9 сынып Атамұра, 2019</p> <p>ДНҚ моделі</p>
<p>7 мин</p>	<p>Тапсырма №2 (Жеке жұмыс) Learningapps сервисінен «Сәйкестігін тап» тапсырмасын орындайды. (ЕББҚО да орындайды) Бағалау критерийі: ДНҚ молекуласының құрам бөліктерін анықтайды.</p>	<p>Тақырып бойынша негізгі идеялар жинақталып сараланады. Оқушылар берілген ссыла арқылы, Learningapps сервисінен, ұялы телефон арқылы тапсырманы орындайды.</p>		
<p>20 мин</p>	<p>Тапсырма № 3 (Топтық жұмыс, функциональдық сауаттылыққа негізделген тапсырма) «Ізденіс тенденциясы» әдісі. I – топ оқушыларына: 1. ДНҚ молекуласының құрылысын зерттегенде, оның екі шиыршықтан тұратыны, және ол өз осының маңында оңға қарай оралып, спираль</p>	<p>Орындап болған соң, дұрыс жауабы интербелсенді тақтадан көрсетіледі. Өздерін тексеріп, қатемен жұмыс жүргізіледі. Сыныппен талқыланады. АКТ</p>	<p>ҚБ: Мадақтау «Керемет сіңдер» «Жарай сындар» «Сендерге сенемін»</p>	<p>https://learningapps.org/watch?v=pp3j2rcda22</p> <p>Қосымша № 2</p>

	<p>түзетіні белгілі болған. Шиыршықтың диаметрі 2 нм, әр қадамы 3,4 нм, әр бұрылымына 10 жұп нуклеотид кіреді. Екі нуклеотидтің арасындағы қашықтық-0,34нм. Бір нуклеотидтің молекулалық массасы-345 г/моль.</p> <p>Тапсырма: Егер ДНҚ-ның оң жақ тізбегінің реті мынадай болса: ГГГЦАТААЦЦТ</p> <p>а) Сол жақ тізбегінің ретін жазыңыз. в) Осы тізбектің ұзындығын есептеңіз. с) Әр нуклеотидтің пайыздық мөлшерін анықтаңыз. д) Бұл заңдылықты түсіндіріңіз. е) Егер сол жақ тізбектің реттілігі ауысқандағы, ДНҚ өзгерісінің себебі мен салдарын анықтаңыз.</p> <p>II-топ оқушыларына: 1. ДНҚ –тірі организмдегі тұқым қуалайтын ақпараттарды сақтап, оны келесі ұрпақтарға жеткізетін күрделі құрылысты молекула. Барлық адамдардың ДНҚ сының 99 % бірдей болып келеді, жай ғана 0,01 пайызының өзінен түрлі айырмашылықтарды табуға болады. Бірде ДНҚ сараптама орталығына әкесі мен ұлы келді. Медбикелер сараптама жасауға, ұлы мен әкесінің аузынан жағынды алды. Әкелікті анықтауда болжамды әке мен баласының ДНҚ молекуласын салыстырады.</p> <p>Тапсырма: 1.1. Не себепті адамдардың арасындағы туыскандықты анықтау үшін, басқа органикалық заттар (май, көмірсу, нәруыз) емес, ДНҚ тестін тапсырады?</p>	<p>қолдану құзыреттілігі дамиды.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Нуклеотидтердің құрам бөліктерін анықтайды. • Сәйкестікті табады. <p>Тапсырманы топта талқылап, жазбаша орындайды.</p> <p>Дескриптор: Мәтінді түсінеді. Сол жақ тізбекті анықтайды. Ұзындығын есептейді Нуклеотидтердің пайыздық мөлшерін табады.</p>		<p>Үлестірме материал</p>
--	---	--	---	---------------------------

	<p>1.2. ДНҚ сараптамасын жасау үшін не себепті шаш, тырнақ, сілекей, қан алынады?</p> <p>1.3. Неліктен біз өз туыстарымызға, ата-анамызға ұқсаймыз?</p> <p>3-топ оқушыларына:</p> <p>1.Төмендегі суреттерге назар аударыңыз. Олардың өзара байланысын талдаңыз. Өз жауабыңызды негіздеңіз. ДНҚ ның жағымды және жағымсыз өзгерістеріне мысал келтіріңіз?</p> <p>Қосымша № 3 https://clck.ru/sX7ES</p>  <p>https://biomolecula.ru/img/content/2476/01.biotehnologija.png</p>  <p>file:///C:/Users/Admin/AppData/Local/Temp/i.webp</p> <p>ФС арналған бірінші тапсырманы орындап болған соң, оқушыларға фс сауаттылыққа негізделген екінші тапсырманы сұрақтар арқылы ұсынамын.</p> <p>(Ұжымдық жұмыс)</p> <p>2. Сұраққа ойланып жауап бер?</p> <p>1.Не себепті шетелдіктер қыз алғысы келсе, қазақтан алады? Бала асырап келсе, тағы да қазақтан алады?</p> <p>2. Жәнібек ханның жеті атаға дейін қыз алыспау туралы жарғысын қазіргі ғылым жетістіктерімен қалай байланыстыруға болады?</p> <p>3. Неліктен жыл сайын 25 сәуірде әлемнің әртүрлі</p>	<p>Комплементарлық принципті, байланыс типін түсіндіреді. Заңдылықты түсіндіреді. Өзгерістің себебі мен салдарын анықтайды.</p> <p>Тапсырманы орындап, топпен талқылайды. Өз жауаптарын тұжырымдайды.</p> <p>Дескриптор: Мәтінмен жұмыс жасайды. Сұрақтарға жауап береді. Деректерді талдайды, ізденеді, түсінеді, тиісті қорытынды жасайды. Тақырып бойынша қосымша білімдерін көрсетеді. Креативті ойлау дағдысы калыптасады.</p>		<p>Үлестірме материал</p>  <p>Үлестірме материал</p>
--	--	---	--	---

	<p>елдерінде Халықаралық ДНҚ күні аталып өтіледі? Бұл күннің маңыздылығы неде?</p> <p>Бағалау критерийі: Комплементарлық принципті түсіндіреді. Қос шиыршықты құрылымды сипаттайды. Чаргафф ережесіне есеп шығарады. Тақырып бойынша қосымша білімдерін көрсетеді. Алған білімдерін, өмірмен байланыстырады, креативті ойлау дағдылары қалыптасады.</p> <p>ЕББҚО тапсырма: Қосымша № 4 Сұрақтарға жауап жазыңыз: 1. Нуклеотидтің құрам бөліктерін анықтаңыз?</p>  <p>2. Берілген А және В суретін табыңыз?</p>  <p>А суреті https://cf2.ppt-online.org/files2/slide/f/f4WQVF0Ne7Exyc5IsgRjZm92nXwoOB1HhvJildKS8/slide-4.jpg</p> <p>3. ДНҚ-ның бір тізбегінің бөлігінде нуклеотидтер мынадай ретпен орналасқан: Т-А-Г-А-Ц-Т-Г-Ц. ДНҚ-ның екінші тізбегін құр?</p> <p>4. Бір тізбектегі адениннің мөлшері 22% болғандағы, басқа нуклеотидтердің пайыздық мөлшері қанша?</p> <p>2. «Терминдік деңгей» тапсырмасы Төмендегі терминдердің анықтамасын жаз:</p> <table border="1" data-bbox="279 1803 715 1998"> <tr> <td>А,Т,Ц,Г</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Пиримидин</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Ковалентті полюсті</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Сутектік байланыс</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Комплементарлық принцип</td> <td></td> </tr> </table> <p>Бағалау критерийі:</p>	А,Т,Ц,Г		Пиримидин		Ковалентті полюсті		Сутектік байланыс		Комплементарлық принцип		<p>Тапсырманы топта талқылайды. Оқушының танымдық дағдысы артады</p> <p>Дескриптор: Суретке назар аударады. Суретпен жұмыс жасайды. Қос шиыршықты құрылымды сипаттайды. Мутация, биотехнология, клондаудағы ДНҚның рөлі туралы қосымша білімдерін көрсетеді. ДНҚ молекуласының жағымды және жағымсыз өзгерістеріне мысал келтіреді.</p> <p>3 топқа тапсырманы орындауға арнайы уақыт беріледі. Орындау уақыты біткен соң, топтар өз тапсырмасын тақтаға шығып, басқа топтардағы оқушыларға, сыныпқа түсіндіріп, талдап береді. Басқа топтардан сол тапсырма төңірегінде туындаған сұрақтарға жауап береді. Оқушылар бірін-бірі бағалайды.</p> <p>Дескриптор: Қойылған сұрақтарға ауызша жауап береді. Сыныппен талқылайды.</p> <p>Сұрақтарға жауап</p>	<p>ҚБ: «Шыншыл дос» Топтар бірін-бірі бағалайды. Жұлдызшаны өздері таратып бағалайды.</p> <p>ҚБ: «Жұлдызша» тарату.</p>	<p>Үлестірме материал Суреттер</p> <p>Үлестірме материал</p>
А,Т,Ц,Г														
Пиримидин														
Ковалентті полюсті														
Сутектік байланыс														
Комплементарлық принцип														

	<p>ДНҚ ның құрам бөліктерін анықтайды. ДНҚ молекуласының құрылымын түсінеді.</p>	<p>беріп, креативті идеяларын ұсынады. Ақпарат жинау дағдысы қалыптасады. Тапсырманы жазбаша орындайды.</p> <p>Дескриптор: Комплементарлық принципті түсіне отырып, есеп шығарады. ДНҚ молекуласының құрылымын түсінеді. Терминдерге анықтама береді.</p>	<p>ҚБ: Ауызша мадақтау және жұлдызша беріп бағалау.</p>	<p>Интернет желісі Ұялы телефондары</p>
<p>Сабақтың соңы: (3 мин) Рефлексия Үй тапсырмасы</p>	<p>Кері байланыс: «3.2.1» әдісі арқылы алынады. Үйге тапсырма: 131 беттегі 1,2 тапсырманы орындау. «Ізде. Жинақта. Тап» әдісі бойынша ДНҚ туралы қосымша тың мәліметтерді жинақтау.</p>	<p>Оқушылар бүгінгі сабақ бойынша кері байланыс береді. Яғни, төмендегі 3.2.1. әдісі бойынша сабақты қорытындылайды.</p> <p>«3 - 2 - 1» әдісі</p> <ul style="list-style-type: none"> ❖ Бүгінгі сабақтан алған 3 маңызды ақпарат; ❖ Бүгінгі сабақта қиындық тудырған 2 аспекті; ❖ Бүгінгі сабақта ұнаған 1 іс-әрекет. 	<p>Сабақтың соңында оқушылардың жинаған жұлдызшалары саналып, формативті баллмен күнделікке қойылады.</p>	



Қазыбекқызы Еркежан
Алматы қаласы Әуезов ауданы
№ 132 гимназия
2” Қ” сынып оқушысы

«Аяулы анашым!»

Мен аяулы анамды жақсы көремін. Ана жайлы айтып тауыса алу мүмкін емес. Әркімнің өз анасына деген махабаты шексіз. Менде анам маған сыйлаған мәнді өмірі үшін алғысымды айта отырып, өз ойымды азда болса жеткізгім келеді. Ана дегенде толқымайтын жүрек, толғанбайтын жан жоқ. Ана – әрбір адам баласы үшін қастерлі ұғым. Бәріміздің де аналарымыз бар. Ал кейбір балалар аналарын сыйламайды, өз аналарына қарсы сөйлеп аналарының айтқанын тыңдамайды. Олай болса, өмірде аналары жоқ балалар да бар, олар өз аналарының ыстық алақанының жылуын көрмесе де, тәрбиелеп отырған аналарын аялап мәпелейді.

Мені мына бір жарық дүниеге әкеліп қана қоймай, барлық керегімді алдыма тосып, қас-қабағыма қарап, дамылсыз тыным таппай жүретін анам туралы шығарма байқауы жарияланғасын тосылып қалу мен үшін дұрыс емес деп ойладым. Мүмкін, менің жүрегімнен толқып шыққан үн, басқаға сондай әсер бере қоймайтын шығар. Дегенімен тырысып көрейін...

*Кім сендерді, балалар, сүйетұғын,
Қуанышыңа қуанып, қайғыңа күйетұғын?
Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай,*

Шешең байқұс дамылсыз жүретұғын. - деп атамыз Міржақып Дулатұлы атамыз айтқандай бізді, яғни өз баласын кіршіксіз сүйіп қорғаштайтын, анамызға қандай жақсы сөз айтсақ та көп болмасы анық. «Ана» табиғаты сыйлаған асыл қасиетімен бүкіл жанұясына, айналасына мейірімін төгеді.

Мен анамның әрқашанда көңілді жүруін тілеймін! Бала үшін ананың орны бөлек. Аяулы анам! Сізге деген жүрегімдегі ризашылық сезімімді қанша айтсам да жеткізе алмаспын. Бұл дүниеде сіз қасымда болғанда ғана бақытты екенімді білемін. Анашым, мен үшін дүниенің бар асылы, данасы – бір өзіңіз!





Кубашева Айнагуль Сериккалиевна
Талқанбаева Динара Берікболқызы
Касымбекова Акбота Абдималиковна
 Астана қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Жоғары көлік және
 коммуникация колледжі» МКК

Қартаю. Қартаю процесі туралы теориялар

Модуль/Пән	Биология
Жалпы мәліметтер	Курс: 1 Топ: 1ОПУД-223
Бөлім/Бөлімше	Жасушалық цикл. Өсу және көбею
Сабақтың тақырыбы	Қартаю. Қартаю процесі туралы теориялар.
Сабақтың түрі	теориялық
Мақсаты (оқу нәтижелері)	қартаю процесін түсіндіру
Міндеттері (бағалау критерийлері)	<ul style="list-style-type: none"> • қартаю процесін түсіндіреді
Күтілетін нәтиже	<ul style="list-style-type: none"> • қартаю процесін сипаттайды • қартаю теорияларын анықтайды • қартаю түрлерін айқындайды
Ойлау дағдыларының деңгейлері	Білу және түсіну

Сабақ барысы:

Сабақ кезеңі/ уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Студенттің іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 7 минут	<p>Ұйымдастыру кезеңі. Оқытушы студенттермен амандасып, топты түгендейді. Оқытушы үш студентке әр қайсысына үш түсті жіптер береді. «Тізбек» әдісі бойынша студенттерді 3 топқа бөледі.</p> <p>Топтық жұмыс. Оқытушы студенттерді бүгінгі сабақтың тақырыбымен және мақсатымен таныстырып болған соң, «Қартаю процесі баяулап жатыр ма?» тақырыбындағы видеожазбасын қосады.</p>	<p>Студенттер өз тізбектерімен үш топқа бөлініп отырады. 1-топ. «Қартаю процесі» 2-топ. «Ерте қартаю синдромдары» 3-топ. «Қартаю туралы теориялар»</p> <p>Студенттер видеожазбаны көреді.</p>	<p>Оқытушы студенттерге кері байланыс береді.</p> <p>Дескриптор: - қартаю процесінің баяулап жатқанын анықтайды; Өзара бағалайды.</p>	<p>Слайд, түрлі түсті жіптер</p> <p>«Қартаю процесі баяулап жатыр ма?» видеожазбасы: http://surl.li/l/yuob</p>

<p>Сабақтың ортасы</p> <p>32 минут</p>	<p>Топтық жұмыс. Видеожазбадағы және оқулықтағы ақпараттарды пайдалана отырып, студенттерге «Ара ұясы» әдісі бойынша тапсырма береді.</p> <p>1-топ. «Қартаю процесі» 2-топ. «Ерте қартаю синдромдары» 3-топ. «Қартаю туралы теориялар»</p> <p>Жұптық жұмыс. Оқу сауаттылығы тапсырмасын орындауға студенттерге береді.</p> <p>Жеке жұмыс. Қалыптастырушы бағалау тапсырмасын студенттерге орындауға береді.</p>	<p>Студенттер оқулықтағы және видеожазбадағы ақпараттарды пайдаланып, флипчарт жасайды. Топтан екі студент шығып, өз жұмыстарын қорғайды.</p> <p>Екі студент жұптасып, тапсырманы орындайды.</p> <p>Студент жеке өзі берілген тапсырмаларды орындайды</p>	<p>Дескрипторлары: - Топта жұмыс жасау регламенті сақталады; - Топтық жұмыста барлық қатысушылар қамтылады; - Флипчартты тиімді әрі үйлесімді пайдаланады; - Ойын нақты әрі түсінікті жеткізеді. Осы критерийлер бойынша топтар өзара бір-бірін бағалайды. Қойылған сұраққа толық жауап берсе - 20 балл, сұраққа жартылай дұрыс жауап берсе - 10 балл, ал сұрақ жауапсыз қалса 0 балл алады. Балл қою кестесіне сай бағаланады.</p>	<p>Биология 10-сынып 2-бөлім оқулығы: https://okulyk.kz/biologija/502/, А3 парағы, түрлі-түсті бояулар</p> <p>1-қосымша: Оқу сауаттылығы тапсырмасы</p> <p>2 -қосымша: Қалыптастырушы бағалау тапсырмасы</p>
<p>Сабақтың соңы</p> <p>5 минут</p>	<p>Оқытушы тақтаға шахмат тақтасы бейнеленген көрнекілікті іледі. «Шахмат тақтасы» әдісі арқылы рефлексия жүргізеді. Үй тапсырмасын береді.</p>	<p>Әр студент стикерлер арқылы шахматтың ақ жолақтарына бүгінгі тақырып бойынша өз ойларын білдіреді. Үй тапсырмасын жазып алады.</p>	<p>Оқытушының кері байланысы</p>	<p>Шахмат тақтасы бейнеленген көрнекілік, стикерлер.</p>

1-қосымша.

1. Оқу сауаттылығына арналған тапсырма.

<p>Тапсырма Берілген кестеге қарап ТМД елдеріндегі кәрі жастағы адамдардың орташа үлесін анықтау керек.</p> <table border="1" data-bbox="87 1547 497 1910"> <thead> <tr> <th>№</th> <th>Елдер</th> <th>%</th> </tr> </thead> <tbody> <tr><td>1</td><td>Австрия</td><td>41</td></tr> <tr><td>2</td><td>Әзірбайжан</td><td>32,1</td></tr> <tr><td>3</td><td>Албания</td><td>24,6</td></tr> <tr><td>4</td><td>Армения</td><td>39,5</td></tr> <tr><td>5</td><td>Белоруссия</td><td>35,8</td></tr> <tr><td>6</td><td>Бельгия</td><td>35,5</td></tr> <tr><td>7</td><td>Қазақстан</td><td>25,4</td></tr> <tr><td>8</td><td>Қырғызстан</td><td>22,3</td></tr> <tr><td>9</td><td>Қытай</td><td>29,9</td></tr> <tr><td>10</td><td>Ресей Федерациясы</td><td>37,2</td></tr> <tr><td>11</td><td>Тәжікстан</td><td>21</td></tr> <tr><td>12</td><td>Таиланд</td><td>27,1</td></tr> <tr><td>13</td><td>Өзбекстан</td><td>22,3</td></tr> </tbody> </table>	№	Елдер	%	1	Австрия	41	2	Әзірбайжан	32,1	3	Албания	24,6	4	Армения	39,5	5	Белоруссия	35,8	6	Бельгия	35,5	7	Қазақстан	25,4	8	Қырғызстан	22,3	9	Қытай	29,9	10	Ресей Федерациясы	37,2	11	Тәжікстан	21	12	Таиланд	27,1	13	Өзбекстан	22,3	<p style="text-align: center;">Демографиялық қартаю</p> <p>Халықтың демографиялық қартаюы дегеніміз – елдегі кәрі адамдардың үлесінің көбеюі. Бұл ұзақ мерзімді демографиялық өзгерістердің, халықтың көбею сипатындағы өзгерістердің, туудың, өлімнің, олардың арақатынасының, сондай-ақ ішінара көші-қонның нәтижесі.</p> <p>Демографиялық қартаюдың тенденциялары мен салдарын есепке алу — демографиялық саясаттың маңызды міндеті.</p> <p>Дүниежүзілік банктің мәліметі бойынша, 2022 жылғы жағдай бойынша 65 жастан асқан жер халқының үлесі рекордтық 9,8% құрады және 2010 жылдан бері Жер халқының қартаю процесі күрт жеделдеді.</p>
№	Елдер	%																																									
1	Австрия	41																																									
2	Әзірбайжан	32,1																																									
3	Албания	24,6																																									
4	Армения	39,5																																									
5	Белоруссия	35,8																																									
6	Бельгия	35,5																																									
7	Қазақстан	25,4																																									
8	Қырғызстан	22,3																																									
9	Қытай	29,9																																									
10	Ресей Федерациясы	37,2																																									
11	Тәжікстан	21																																									
12	Таиланд	27,1																																									
13	Өзбекстан	22,3																																									

2-қосымша. Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары

Тапсырмалар

1. Қартаю туралы теориялардың авторларын сәйкестендіріңіз.

Авторлары	Теориялары
1. М.Рубнер	А. қартаю себептері организмдегі ұлпааралық әрекеттердің бұзылуы деп болжаған.
2. И.П.Мечников	В. Бұл теория бойынша әрбір организмнің күш беретін қоры таусылса, тіршілігі де баяулайды.
3. А.А.Богомолец	С. Жүйке күйзелісі мен ұзақ уақыт жүйкенің шаршауы ерте қартаюға алып келетінін анықтаған.
4. И.П.Павлов	Д. Қартаю құбылысы тек биологиялық факторларға емес, әлеуметтік факторларға да тәуелді.

1	2	3	4

2. «Ерте қартаю себептері» тақырыбына эссе жазыңыз.

Балл қою кестесі

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор/студент	Балл
Қартаю туралы теориялардың авторларын сәйкестендіреді	1	М.Рубнердің теориясын дұрыс сәйкестендіреді	15
		И.П.Мечниковтің теориясын дұрыс сәйкестендіреді	15
		А.А.Богомолецтің теориясын дұрыс сәйкестендіреді	15
		И.П.Павловтың теориясын дұрыс сәйкестендіреді	15
«Ерте қартаю себептері» тақырыбына эссе жазады	2	Эссені қысқа әрі нақты қылып жазады	20
Барлығы			80



Мукаева Торғын Шайхсламовна
Жетісу облысы, Ескелді ауданы
"Балбөбек" балалар бақшасының
тәрбиешісі

Тәрбие тал бесіктен басталады...

*«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, апаты»
Әбу-Насыр Әл-Фараби*

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру - бүгінгі күннің басты талабы. Әр педагогтың алдында тәрбиеленушілерге білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір баланы оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл ұстаз керек. Жаңа, тез өзгермелі, білімді де білікті, кез-келген жерде өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да, кәсіби шебер педагогтарды қажет етіп отырғанына көзіміз жетті. Балалардың табысты білім алуы ғана емес, өмірде де табысты болуы ұстаздың қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік. Тәрбиеші балалар үшін қандай да бір тақырып бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек. Жаңа заман ұстаздан күнделікті балалармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заманның педагогы жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген тұлға болуы керек.

Бүгінгі күні бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу үшін, еліміздің білім саласы әлемдік білім беру кеңістігіне ену арқылы жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру. Тәуелсіз еліміздің жас ұрпақтарын тәрбиелеу басты мәселесі болып саналады. Елбасымыздың өз халқына жолдауында атап көрсеткен: «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында».

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласында ерекше көңіл бөліп, ұрпақ тәрбиесін басты назарында ұстап, жоғары мәдениетті ой-өрісі кең, заманға лайық, білімді де қабілетті ұрпақ тәрбиелеу балабақша мен мектептегі ұстаздардың басты мақсаты. Жүсіп Баласағұни айтқандай: «Тәрбиенің негізі бес жасқа дейін қаланады, бес жасқа дейін жүргізген ісіңіз-бүкіл тәрбие үрдісінің 90 пайызы» деп бала тәрбиесі кішкентай кезінен бастап қаланады. Қазақ халқында «Тәрбие тал бесіктен басталады» деген мақал-мәтелдің өзінде-ақ бала тәрбиелеу мәселесін жоғары қойған.

Әл-Фараби айтқандай: «Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы, апаты» деп, біз мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу ұйымдары бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, ұлтымыздың мәдениеті мен салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, ауыз әдебиетінің жанрлары: ертегі, мақал-мәтел, тыйым сөз, жаңылтпаш, шешендік сөздерді бойынша сіңіре отырып тәрбиелеу әр білім ордасының басты ұстанымы. Балабақша тәрбиешілері жас бүлдіршіндерді тәрбиелеу мен білім беру ісін баланың психо-физиологиялық даму дәрежесіне, білім деңгейіне қарай ұйымдастыру, шығармашылық қабілеттері мен дүниетанымдық

көзқарастарын қалыптастыру, эстетикалық талғамын, ой және дене еңбегіне белсенділігін арттыру мақсатында әр баланың жан-жақты жетілуіне көңіл бөледі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты бойынша педагогикалық кадрларға қойылатын талаптар мен бала дамуының деңгейін жүйелі бағалауды қамтамасыз етеді. Осы стандарт аясында тәрбиешілер күнделікті оқу іс-әрекетін жүргізу, мерекеге байланысты ертеңгіліктер мен ай сайынғы ашық оқу іс-әрекеті, семинарлар арқылы бір-бірімен тәжірибе алмасып, тұрақты жұмыс жүргізу арқылы тәрбиешілердің біліктілігі артады.

Бала тәрбиелеуде алдымен тәрбиеші өзі де тәрбиелі, білімді, тәжірибелі өз ісін меңгерген, ұлтжанды, адамгершілігі жоғары бағалайтын адам болуы керек. Әл -Фараби мына даналық сөзінде айтып кеткендей: «Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, бұлардың ешнәрсесін ұмытпайтын, алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек».

Еліміздің мықты мемлекет болып қалануы үшін ұлттық тәрбиеден нәр алып, адами құндылықтарды бойына сіңіруге, жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру. Отанын, елі мен жерін қорғайтын, тілі мен дінін, салтын құрметтейтін жеке тұлғаны тәрбиелеу. Бүгінгі заман ағымына лайық азаматтарды тәрбиелеу әр тәрбиешінің алдыға қойған міндеті екенін біліп, осы міндетін абыроймен орындау жолында балабақша тәрбиешілері бар ынта-жігерімен еңбек етуде.

Султанбекова Балжан, Сарсенова Гүлден
01140100 «Бастауыш Білім Беру» мамандығы бойынша
2 курс студенттері
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

Бастауыш сынып оқушыларының тұлға болып қалыптасуына темпераменттің ықпалы

Темперамент – жүйке жүйесінің тума қасиеттерінен, туындайтын адамның жеке өзгешеліктерінің бірі. Ол адамдардың эмоциялық қозғыштығынан, қимыл-қозғалысынан, жалпы белсенділігінен жақсы байқалады.

Тұлға – адамның қоғамдық санасы мен мінез-құлықты, адамзаттың қоғамдық-тарихи тәжірибесін меңгеруде қалыптасқан адамның әлеуметтік-психологиялық мәні. Тұлға қоғамдық қатынасты объектісі мен жемісі ғана емес, сонымен бірге іс-әрекет, қатынас, сана, өзіндік сананың белсенді субъектісі.


Темперамент-организмнің физиологиялық өзгешеліктерімен, әсіресе, жоғары жүйке қызметінің тума қасиеттерімен шарттас психикалық құбылыс. Темперамент адамның жалпы қозғалысынан да (мәселен, біреулер шапшаң қозғалады, тез қимылдайды, енді біреулер жай қимылдап, асықпай істейді), психиканың күші мен тереңдігінен де (мәселен, біреу өжет, алғыр болса, екінші біреу керісінше, сылбыр, жігерсіз болады), адамның көңіл-күйінің ерекшеліктерінен де (салмақты, тұрақты, жеңіл, тұрақсыз т.б.) эмоция сезімдерінен де (біреу сабырлы, екінші біреу күйгелек т. б.) жақсы байқалып отырады.

Темперамент туралы алғашқы ой-пікірлер ғылымда өте ерте кездің өзінде-ақ айтыла бастады. Ежелгі Грецияның белгілі ғалымы, дәрігер Гиппократтың (б.э.д. 460-356) еңбектерінде бұл жөнінде біраз пікірлер айтылған. Гиппократтың ойынша, әр түрлі темпераменттер адамдар мен жануарлардың денесінде төрт түрлі сұйық заттарға байланысты болмақ. Олар: денені жылытып тұратын – қан, салқындататын – шырын(слизь), құрғататын – бауырдағы сары өт және оған дымқылдық беретін қара өт (талақ). Осы төрт түрлі сұйықтың араласуының пропорциясын грекше «красис» деп атаған. Ал латын тілінде бұл терминді темпераментум деп атап кеткен.

Темпераменттің физиологиялық негіздерін ғылыми тұрғыдан дәлелдеген академик И.П. Павловтың ілімі темперамент туралы түсінікті ғылыми жолға салды.

Жүйке жүйесінің типтері ми қабығындағы қозу, тежелу, процестерінің үш негізгі белгісінің (күші, тепе-теңдігі, қозғалғыштығы) деп олардың, бірінің екіншісіне алмаса алу қабілеттілігін айтады. Осы принципті негізге ала отырып, И.П.Павлов жүйке жүйесінің төмендегі түрлерін ажыратады.

Жүйке жүйесінің типтері



1- сызба

И.П.Павловтың темперамент типтері. Ол темперамент типінің жүйке жүйесі қасиеттері ретінде қозу мен тежелу күшін, тепе-теңдігін және қозғалмалылығын атап көрсетті. Осы үш қасиетті негізге ала отырып, күшті тип пен әлсіз типті айыра, дәстүрлі Гиппократ типологиясына жақын жүйке жүйесінің төрт негізгі типін ажыратты.

Күшті, қозу мен тежелуі теңдей, қозғалмалы сангвиник
Күшті, қозу мен тежелуі теңдей, салғырт флегматик
Күшті, қозуы басым холерик
Әлсіз тип меланхолик

Темперамент түрлері: холерик, сангвиник, флегматик, меланхолик.

Темпераменттердің түрлеріне сипаттама.

Сангвиник – жоғары дәрежелі әрекетшіл адам. Қозу мен тежелуі тепе-тең. Қозғалыс қимылдары мәнерлі шапшаң. Сәл нәрсеге күліп, болмашы себептен көңілі қалып, мұңайады. Сезімталдығы өте жоғары. Мұндай адам көтеріңкі белсенділікке ие, жұмыс қабілеті мен қуатының жоғары болуынан жаңа іске қаймықпай кіріседі, ұзақ уақыт талып шаршамастан қызметін жалғастыра алады. Айналасындағылармен тіл табысқыш. Экстраверт.

Холерик – Сангвиник сияқты жай әсерлерге берілмейді, әрекетшен және белсенді. Бірақ холериктің әрекетшендігі белсенділіктен басымдау, сондықтан ол ұстамсыз, шыдамсыз, қызба. Сангвиникке қарағанда салғырттау, икемі кемірек. Осыдан ниеттері мен қызығулары тұрақтылау, табанды, зейінін ауыстыруы қиындау, сезімі көбіне сырттай көрінеді, сондықтан толық экстраверт.

Флегматик – әрекеті енжар, сезімталдығы мен көңілі кем көріністі. Оны күлдіру де, мұңайту да оңай емес. Қай жағдайда да сабырлылығымен байсалдылығын жоймайды. Сөзі сылбыр, әрекеті жай. Ол өте қуатты, еңбектен шаршамайды. Шыдамды, ұстамды, сезімге берілмейді. Адамдармен араласып кете бермейді, сырттай әсерге төзімді. Бар білгені ішінде -интраверт.

Меланхолик -өте сезімтал, бірақ әрекетшендігі кем адам. Болмашы нәрседен көзіне жас үйіріліп, өкпелегіш, сырттай әсерді күйзеліспен қабылдайды. Сөзі мен қозғалысы өте сылбыр. Өзіне сенімсіз, үркек, қиындықтан шегінеді. Жігері кем, тез шаршайды, қызметі болымсыз. Зейіні тұрақсыз, барша психикалық процестері әлсіз интраверт.

Табиғи жағдайда темпераменттердің «таза» түрін ажы-рата алу, көбінесе қиынға соғады. Өйткені олар адамның өмір барысында қалыптасатын әр түрлі ерекшеліктерінің көлеңкесінен жөнді көрінбей қалуы да мүмкін.

Дегенмен, ұзақ уақыт бойына жүргізілген зерттеулер бізге төменгі класс оқушылары арасынан темперамент-тердің «таза» түрлерін тауып алуға мүмкіндік берді.

Сангвиник темпераменті басым оқушының ерекшеліктері. Мұндай бала жылдам және тез қозғыш, көңіл күйі жиі өзгергіш келеді, көп нәрсеге қызығады, бәрін біліп алуға тырысады, бірақ біреу бағыттап отырмаса, тез суып кетуі де ықтимал. Ақыл-ой әрекеті белсенді жүріп отырады. Сыныпта мұғалімнің айтқандарын қиналмай ұғады, сұрақ қоюға жаны құмар. Оның сөзі жылдам, анық, түсінікті, паузалар мен интонацияларды жақсы сақтайды, сөзді мәнерлеп айтуға тырысады. Сөйлегенде ым-ишара (мимика, пантомимика) жағы басым келеді, көбінесе эмоциялы, қозу жағдайында тұрады. Осындай балалардың мінез-құлқынан қажырлылық, белсенділік сияқты кейбір жақсы қасиеттерді көруге

болады. Сондықтан да сангвиниктер өмірге икемді, тәрбиелеуге оңтайлы, ширақ темперамент болып саналады.

Флегматик темпераменті басым оқушының ерекшеліктері. Ол өте сак, уяң, байсалды, жұртқа жақсылық тілейтін, сенімді, тұрақты, бір қалыпты. Флегматик темпераментіндегі бала сабырлы, орынсыз асып-саспайды. Сабақта тыныш отырады, жанындағы баланы мазаламайды. Ауыр мінезді, көрсеқызар емес, мәселені тез шешуге асықпайды, салқын қанды. Бір істі бастаса салпақтап соңынан қалмайтын бала. Мұндай балалардың сезімдері сырт әлпетінен көрінбейді десе де болады. Ол оқушының дауыс екпіні баяу келеді, аптықпай, асып-саспай сөйлейді, сөзі ым-ишаралармен ерекшеленіп тұрмайды.

Холерик темпераменті басым оқушының ерекшеліктері. Бұл ұшып-қонып тұратын, күйгелек, тынымсыз, шамданғыш, көңіл-күйі жиі өзгертін, қарым-қатынаста аумалы-төкпелі, тұрақсыз, соқпа мінезді, белсенді пысық, бірақ бейқам, ашуланшақ бала. Мұндай оқушы қимыл-әрекетті сүйеді. Әдетте оның қимыл-қозғалысы батыл-шапшаң болады. Ол қызыққан жұмысына әбден беріліп, барлық ынтасын салып орындайды. Онда ой-әрекетінің белсенділігі байқалады. Ой-әрекетінің белсенділігі оқу тапсырмаларын орындауынан жақсы көрінеді. Олар тез, қызу сөйлеп, төңірегінділерді бірден ұйытады. Холерик темпераментіндегі бала өте сезімтал болғандықтан, түрлі әсерге тез беріледі, ызакор, ашуланшақ келеді. Оның бұл сияқты ерекшеліктері өткір көзінен, тез және оңтайлы қозғалыстарынан жақсы байқалады.

Меланхолик темпераменті басым оқушының ерекшеліктері. Сәл нәрсеге ренжиді, өкпелегіш, пессимист, тұйық, сөзге сараң, аса баяу қозғалатын жайбасар. Мұндай оқушылардың сезімталдығы өте баяу көрінгенімен, оның сезімі ұзақ уақытқа созылады. Меланхолик мектеп өміріндегі оқиғалардың бәрін үлкен әсермен қабылдап, кеп ойлайды. Мәселен, мұғалім оны тақтаға шақырып есеп шығартса, мұның өзі кейде әлдеқандай зор әсер етеді. Ол кейде қызарандап ұялады, егер мұғалімнің тапсырғанын орындап шыға алмаса, осыған қатты қайғырады, кепке дейін бұл оның есінен кетпейді. Егер мұғалім сыныптағы балалардың көзінше оған ұрсатын болса мұндайда бала төмен қарап жылап, кейде жауап айта алмайтын жағдайға ұшырайды. Ол көпке дейін булығып, белсенді сөз айтудан қалады. Меланхолик темпераментіндегі оқушы, көбінесе өз жолдастарының арасында көзге түспей, жай ғана, жүріп-тұрғанды ұнатады, «мен» деп ешқашан ұмтылмайды. Ол ұялшақ, тартыншақ, тұйық болғандықтан, көпшіліктен аулақ жүргенді жақсы көреді. Ол жасқаншақ, сіркесі су көтермейді, бірбет, қыңыр, қисық келеді.

Оқушы темпераментімен санасу

Оқушылардың мінез-құлқын жан-жақты етіп тәрбиелеуде олардың темпераменттеріне ерекше көңіл бөлудің маңызы зор. Темперамент тәрбиесінде әрбір мұғалім И.П. Павловтың жүйке жүйесінің типтері туралы іліміне сүйенуі тиіс. Мәселен, аса күшті ұстамсыз типтің жүйке процестерін тендестіру арқылы одан темпераменттердің жақсы жақтарын тәрбиелеуге болатындығы байқалады. Осы ілімге сүйене отырып тәрбиешілер холериктерді ұстамсыздықтан аулақтатып, тыныш, ұзақ уақыт жұмыс істеуге үйретіп, сангвиниктерді жұмысты сабырмен асықпай істеуге, флегматиктерді жайбаракаттылыққа салғызбай, меланхоликтерді өздеріне сенуге, батылдыққа тәрбиелеулері тиіс. Мұғалім оқушылардың темпераменттерін тәрбиелеуді олардың моралдық қасиеттерін тәрбиелеу ісімен орайластыра жүргізуді жоспарлаған жөн. Балалардың сабақ үстіндегі тәртібін ұйымдастырғанда, әсіресе мінез-құлықтың кейбір теріс көріністері әңгіме болған кезде олардың темперамент өзгешіліктері еске алынып отырылуы керек. Мұғалім үй тапсырмасын сұрау, жаңа сабақты пысықтау кездерінде де әр баламен жеке үндесіп отырмаса болмайды. Мәселен, тілі мен жағына сүйенген холерикті тыныштандырып,

үндемей отырған флегматикті жауап беруге шақыру мұғалімнен асқан байсалдылықты қажет етеді. Ал кейбір жағдайда меланхолик бала тәртіп бұзған болса (мұндай жағдай өте сирек болады, әрі олар өздері бірінші болып тиіспейді), оны жұрт алдында қызартып ұялту дұрыс емес. Мұндай баламен істің мәнісін ашу үшін онаша сөйлескен дұрыс, тіпті бір қараудың өзі жетіп жатыр. Холерик темпераменттегі балаға қатаң ескерту жасап, қойылған талапты қалайда орындатқызу жағын ойластырмаса болмайды. Сангвиниктер мен холериктердің мектептегі қоғам жұмыстарына өз еріктерімен қатысатыны өте жақсы әдет. Бірақ оларды қадағалап, жұмысына бағыт беріп отырмаса жұмыстың нәтижесі төмен болуы ықтимал. Әсіресе сангвиниктерді қатты бақылаған абзал, өйткені олар жұмылып кіріскендерімен, жылдам суып қалатын болады.

Темпераменттерді тәрбиелеуде баланың ерік-жігерін, мінез бітістерін, мінез-эмоцияларын тәрбиелеумен ұштастырыла жүргізілгені дұрыс. Адамның өзін-өзі ұстай алу қабілетінің дамуы темперамент тәрбиесіне жақсы жәрдем береді.

Оқушылардың темпераменттерін тәрбиелеудің айтылғандардан басқа да көп әдістері мен жолдары бар. Бұл жерде әрбір мұғалім баяу болса да темпераменттердің өзгеріп отырғандығын, яғни ол адамның жасына, білімі мен тәжірибиесіне, тәлім-тәрбиесіне, нақтылы әрекетіне байланысты түрлі өзгерулерге түсетіндігін ылғи да есте ұстап, осыған орай әрбір оқушымен жеке жұмыстар жүргізу қажет. Мәселен, оқушының жасына қарай оқудағы үлгірім дәрежесін, тәртібін, басқа балалармен қарым-қатынасын, қоғам жұмыстарына қалай араласатындығын ұдайы қадағалау, олардың ата-аналарымен байланыс жасап, әсіресе қоғамдық пайдалы еңбекке қатыстырып отыруы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ж 81 Жұмасова К.С. Психология: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2006.-292 б.
- 2.https://ust.kz/word/tulganyng_jeke_dara_erekselikteri_temperament_tyraly_jalpy_tusinik-48446.html
- 3.Жарықбаев К. Психология. -Алматы, 1982